

Маржанбұлақ ауылдық округінің Маржанбұлақ ауылының шаруа қожалығында мүйізді ірі қара малдарының арасында қарасан жұқпалы ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шараларын алып тастау туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Маржанбұлақ ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 13 шілдедегі № 140 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 27-бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасының ауыл шарушылығы Министрлігінің ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті Алға аудандық аймақтық инспекциясы" ММ-нің басшысының м.а. 2023 жылғы 13 шілдедегі № 02-06-14/153 ұсынысының негізінде Маржанбұлақ ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алға ауданының Маржанбұлақ ауылдық округі Маржанбұлақ ауылы "Сарым" шаруа қожалығының мүйізді ірі қара малдарының арасында қарасан жұқпалы ауру ошағына ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізіліп, сыныма нәтижелерінің "теріс" көрсетуіне байланысты шектеу іс-шаралары алынып тасталынсын.

2. Әкімнің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2023 жылғы 12 маусымдағы № 110 шешімінің (2023 жылғы 16 маусымындағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 182990 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Маржанбұлақ ауылдық
округінің әкімі*

М. А. Еламан